

"Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 қыркүйекте № 17427 болып тіркелді

"Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналысы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 1-тармағына сәйкес , БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10404 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 31 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта пайдалану қағидаларында (бұдан әрі Қағидалар):

1-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бөлім. Жалпы ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы рецептілік бланк - Тізімнің II кестесіндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға рецепт жазып беруге арналған бланк;

2) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік орган - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы;

3) науқастың медициналық құжаттары - сырқатнамасы, амбулаториялық картасы, консультациялық тексеріп-қарау жазба парағы;

4) сигнатура - құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды алудың заңдылығын растайтын құжат;

5) Тізімнің II Кестесі - медициналық мақсатта пайдаланылатын және қатаң бақылауға алынған есірткі құралдары және психотроптық заттардың тізімі;

6) Тізімнің III Кестесі - медициналық мақсатта пайдаланылатын және бақылауға алынған есірткі құралдары мен психотроптық заттардың тізімі;

7) Тізімнің IV Кестесі - бақылауға алынған прекурсорлар (есірткі құралдары мен психотроптық заттарды заңсыз дайындауда жиі пайдаланылатын химиялық және өсімдік заттар) тізімі.";

2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта пайдалану тәртібі";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын құрамында есірткі құралдары бар дәрілік заттарға қажеттілікті есептеуді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жылына бір төсекке (жағдай) арналған құрамында есірткі құралдары бар дәрілік заттарға қажеттілікті есептеу нормативтеріне сәйкес денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттар қажеттілігін есептеу және прекурсорлар қажеттілігін есептеу алдыңғы жылғы тұтыну деңгейінде жүргізіледі. Жанадан пайдалануға берілген (қайта ұйымдастырылған) денсаулық сақтау ұйымдарының қажеттілігі және жаңа дәрілік заттарға деген қажеттілік сырқаттанушылық туралы деректері ескеріле отырып болжанады.

5. Денсаулық сақтау ұйымдары облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдарына мыналарды:

1) жыл сайын, 1 наурызға дейін денсаулық сақтау ұйымдары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын тұтыну нормативін бекіту үшін өтінімді; денсаулық сақтау ұйымдары осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында бақылауға жататын психотроптық заттарды тұтыну нормативін бекіту үшін өтінімді; денсаулық сақтау ұйымдары осы Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында бақылауға жататын прекурсорларды тұтыну нормативін бекіту үшін өтінімді ұсынады. Өтінімдерге жүргізілген есептеулер қоса беріледі;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін тоқсан үшін құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың, оның ішінде автоматтандырылған режимде нақты шығысы туралы есепті;

3) жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін бір жылға құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың, оның ішінде автоматтандырылған режимде нақты шығысы туралы есепті береді.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын тұтыну нормативтерін бекіту үшін денсаулық сақтау ұйымдарынан келіп түскен өтінімдерді жинауды, сондай-ақ олардың мыналарға:

1) құрамында есірткі құралдары бар дәрілік заттарға қажеттіліктің есептік нормативтеріне мәлімделген көлеміне;

2) мәлімделген көлемнің алдыңғы жылғы нақты тұтынған көлемдерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

Дұрыс берілген өтінімді ұсыну кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органы басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен әрбір денсаулық сақтау ұйымы үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі күнтізбелік жылға Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын тұтыну нормативі бекітіледі.

Әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде денсаулық сақтау ұйымдарының бекітілген тұтыну нормативтеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге не жаңадан пайдалануға берілген (қайта ұйымдастырылған) денсаулық сақтау ұйымдарының тұтыну нормативін бекітуге рұқсат етіледі.

Облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана үшін жиынтық қажеттілік, денсаулық сақтау ұйымдарымен мәлімделген жиынтық қажеттілік осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген жылына 1000 халық шаққандағы есірткі құралдарына қажеттілікті есептеу нормативтерін (грамда) салыстыру ескеріле отырып, сондай-ақ алдыңғы жылға нақты тұтынуды және сырқаттанушылық динамикасы мен халық саны ескеріле отырып, қалыптастырылады.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары ағымдағы жылғы 15 наурызға қарай дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік органға келесі күнтізбелік жылға арналған облыс, республикалық маңызы бар қала, астана үшін есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың прекурсорларына жиынтық өтінімді ұсынады.

7. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік орган ағымдағы жылғы 1 сәуірге

қарай есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорларының айналысы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға келесі күнтізбелік жылға арналған Қазақстан Республикасында медициналық мақсатта пайдалану үшін есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың прекурсорларына жиынтық өтінімді ұсынады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жедел медициналық көмек, санитариялық авиация, төтенше жағдайлар кезіндегі медициналық көмек нысанында медициналық көмек көрсету кезінде, сондай-ақ паллиативтік көмектің ұтқыр бригадасы (бұдан әрі ұтқыр бригадалар) пациенттерге үйге барған кезде құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды жедел медициналық көмектің көшпелі бригадасының дәрігері немесе денсаулық сақтау ұйымының кезек күттірмейтін көмек (үйде көмек көрсету) бөлімшесінің дәрігері тағайындайды.

Жедел медициналық көмектің көшпелі бригадаларының, санитариялық авиацияның және ұтқыр бригадалардың құрамында дәрігер болмаған кезде, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды тағайындауды бригаданың фельдшері жүргізеді.

Тізімнің II Кестесіндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың пайдаланылуын ресімдеу науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсетілгеннен кейін жүргізіледі.";

7-тармақ алып тасталсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Науқастарға Тізімнің II, III, IV кестесіндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың рецептілері тиісті медициналық көрсетілімдер болғанда денсаулық сақтау ұйымдарының фельдшерлері, акушерлері, дәрігерлері немесе дербес қабылдау жүргізетін дәрігерлер пациенттің жай-күйін стандартты бағалау негізінде латын тілінде жазып беріледі және оның қолымен, жеке мөрімен (бар болса), денсаулық сақтау ұйымының мөртаңбасымен және мөрімен (бар болса) бекітіледі";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Егер құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар Тізімнің II, III, IV Кестесіндегі дәрілік затын тағайындау тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық деңгейде жүзеге асырылған жағдайда, арнайы рецептуралық бланкіден бөлек, тегін босатуға арналған рецепт қосымша жазылады. Жазып берілген рецепттер Дәрі-дәрмекпен камтамасыз етудің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде көрсетіледі.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Жазылмайтын, ауыр өршіген аурулардан зардап шегетін терминальді (соңғы) дәрежедегі науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін бір рецептіде жазылатын

құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар Тізімнің II, III, IV Кестесіндегі дәрілік затты емнің күнтізбелік 10-15 күніне жететін, ал аудан орталығынан шалғайда орналасқан елді мекенде тұратындар халық үшін емнің күнтізбелік 25-30 күніне жететін, бірақ рұқсат етілген шекті Нормалардан аспайтын көлемде бірнеше рецептілерге жазып беруге рұқсат етіледі.";

33-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды рұқсат етілетін шекті Нормалардан асатын нормалардан асатын көлемдерде бір рецептуралық бланкіде жазып беруге және босатуға;"

44-тармақ алып тасталсын;

52, 53, 54, 55, 56-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар жарамсыз, жалған, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқалары (ақауы бар, сынған) дәрілік заттар, сондай-ақ дәрілік заттар өндірісінен және (немесе) дәрілік заттарға қатыссыз сынақтардан (талдаулардан) кейінгі шикізат, материалдар, материалдардың, сынамалардың қалғандары, жартылай өнімдері әрі қарай қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтар жойылуға жатады.

53. Денсаулық сақтау ұйымдарында құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттар нөмірленген, тігілген, денсаулық сақтау ұйымдары мен дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері басшыларының мөрі мен қолдары қойылған, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес дәріхана қоймаларындағы есірткіні, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының есепке алу, 12-қосымшаға сәйкес бөлімшелерде және кабинеттердегі құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды есепке алу, 13-қосымшаға сәйкес дәріханада заттық-сандық есепке алуға жататын есірткіні, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының есепке алу, 14-қосымшаға сәйкес мейіргерлер посттарындағы құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды есепке алу журналдарында заттық-сандық есепке алуға жатады.

54. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарда, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында, дәрілік заттар өндірісі түріндегі фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарында сондай-ақ сынақ зертханаларында (орталықтарында) құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар реактивтер, белсенді фармацевтикалық құрасындар (субстанциялар), дәрілік заттар заттық-сандық есепке (оның ішінде автоматтандырылған режимде) алуға жатады.

Талдау жасау үшін сынақ зертханасына (орталығына) келіп түсетін, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар реактивтерді, дәрілік заттарды, активті фармацевтикалық ингредиенттер (субстанцияларды) есепке алу (оның ішінде автоматтандырылған режимде) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақ зертханасына (орталыққа) талдау үшін келіп түскен құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды есепке алу журналында жүргізіледі; денсаулық сақтаудың ғылыми ұйымдары және денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары үшін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеу ұйымдары мен білім беру ұйымдарында есірткіні, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының есепке алу журналында; дәрілік заттардың өндірісі түріндегі фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары үшін осы Қағидаларға 16-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттарды өндіруде пайдаланылатын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар белсенді фармацевтикалық ингредиенттерді (субстанцияларды) есепке алу журналында жүргізіледі.

55. Есепке алу журналында бірінші бетте заттық-сандық есепке алуға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар реактивтердің, дәрілік заттардың, белсенді фармацевтикалық ингредиенттердің (субстанциялардың) тізбесі көрсетіледі. Реактивтің, субстанцияның әрбір атауына немесе дәрілік заттың дәрілік нысанына дозасына, өлшеп-орауына журналды толтыратын жауапты тұлғаның тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптерін көрсете отырып, жеке парақ (ашылатын жағы) беріледі. Келіп түскендері нөмірі мен күнін көрсетіле отырып әрбір кіріс құжаты бойынша көрсетіледі. Шығыстары күн қорытындыларымен (күнделікті жазбалар) жазылады. Есепке алу журналдары бір жыл бойы жүргізіледі.

56. Жауапты тұлға әр айдың бірінші күні іс жүзінде бар қалдықты кітаптағы қалдықпен, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын салыстыру актісін толтырумен салыстырады.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Нақты қалдықтың кітаптағы қалдықтан айырмашылығы анықталған жағдайда денсаулық сақтау ұйымының басшысы анықтаған сәттен бастап тәулік ішінде бұл туралы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік органды және ішкі істер органының аумақтық бөлімшесін хабардар етеді.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Әр айдың бірінші күнінде материалдық жауапты тұлға нақты бар арнайы рецептуралық бланкілерді кітаптағы қалдықпен салыстырып, осы Қағидаларға 20-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы рецептуралық бланкілерді салыстыру актісін жасайды.

Салыстыру нәтижелері бойынша айырмашылық анықталған жағдайда денсаулық сақтау ұйымының басшысы анықтаған сәттен бастап тәулік ішінде бұл туралы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін хабардар етеді.";

7-параграф тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-параграф. Жарамсызданған, жалған, жарамдылық мерзімі өткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін (ақауы бар, сынған) басқа дәрілік заттарды, сондай-ақ құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың өндірісінен және (немесе) сынақтарынан (талдаулардан) кейінгі шикізатты, материалдарды, материалдардың, сынамалардың қалған, қалдықтарын, жартылай өнімдерді әрі қарай қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтарды жою";

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерде Тізімнің II, III, IV Кестесінің құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар жарамсызданған, жалған, жарамдылық мерзімі өткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін (ақауы бар, сынған) басқа дәрілік заттарды жою үшін ұйым басшысының бұйрығымен құрамына ұйымның басшысы мен жауапты тұлғасы, ішкі істер органдарының және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің өкілдері кіретін, тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.";

мынадай мазмұндағы 83-1-тармақпен толықтырылсын:

"83-1. Дәрілік заттардың өндірісі түріндегі фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарында, сондай-ақ сынақ зертханаларында (орталықтарда) Тізімнің II, III, IV Кестесіндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар жарамсыз, жалған, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқалары (ақауы бар, сынған) дәрілік заттар, сондай-ақ дәрілік заттар өндірісінен және (немесе) дәрілік заттарға қатыссыз сынақтардан (талдаулардан) кейінгі шикізат, материалдар, материалдардың, сынамалардың қалғандары, жартылай өнімдері одан әрі қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтар ұйымның жауапты тұлғасы, ішкі істер органдарының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің өкілдері кіретін комиссияның қатысуымен мынадай тәсілдермен жойылады:

1) сынақтардан (талдаулардан) және өндірістен қалған құрамында есірткі құралдары , психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар сұйықтық 1:100

арақатынасында сумен сұйылтылып, бейтараптандырылады және түзілген суспензия немесе ерітінді өнеркәсіптік кәрізге ағызып жіберу арқылы жойылады;

2) сұйық дәрілік нысандар (ампулалардағы, пакеттегі және құтылардағы инъекцияға арналған ерітінділер, микстура, тамшы дәрілер, аэрозоль баллондарындағы сұйықтықтар) құрамын 1:100 арақатынасында сумен араластырылған және пайда болған ерітіндіні өнеркәсіптік кәрізге ағызып жібере отырып, езіп-жаншу жолымен жойылады (аэрозоль баллондары алдын ала тесіледі), ампулалардың, аэрозоль баллондарының, қалталар мен құтылардың қалдықтары шығарылып, кәдеге жарату жолымен жойылады;

3) құрамында суда еритін фармацевтикалық субстанциялары бар қатты нысандар ұнтақ тәріздес күйге дейін үгітуден кейін және 1:100 арақатынасында сумен сұйылтуға және өнеркәсіптік кәрізге ағызуға жатады;

4) суда ерімейтін қатты дәрілік нысандар, жұмсақ дәрілік нысандар (жақпамайлар, суппозиторийлер), дәрілік заттардың трансдермальді нысандары, фармацевтикалық субстанциялар өртеу жолымен жойылады.";

84-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84-1. Денсаулық сақтау ұйымдарында Тізімнің II, III, IV Кестесіндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар жарамсыз, жалған, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа (ақауы бар, сынған) дәрілік заттарды жою фактісі осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында Тізімнің II, III, IV кестелеріндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды жою актісімен ресімделеді";

мынадай мазмұндағы 84-2-тармақпен толықтырылсын:

"84-2. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерде Тізімнің II, III, IV Кестелеріндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар жарамсыз, жалған, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа (ақауы бар, сынған) дәрілік заттарды, сондай-ақ дәрілік заттар өндірісінен және (немесе) дәрілік заттарға қатыссыз сынақтардан (талдаулардан) кейінгі шикізат, материалдар, материалдардың, сынамалардың қалғандары, жартылай өнімдері әрі қарай қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтарды жою фактісі осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттардың жою актісімен ресімделеді.";

Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 8, 26, 27-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 5, 6, 7, 9, 10-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3, 4, 8-қосымшаларға сәйкес 2-1, 2-2, 16-1-қосымшалармен толықтырылсын;

Қағидалардың 7-қосымшасы алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2018 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек
№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық
заттар мен олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
1-қосымша

Жылына бір төсекке (жағдай) арналған құрамында есірткі құралдары бар дәрілік заттарға қажеттілікті есептеу нормативтері

| р/с № | Денсаулық сақтау ұйымының немесе бөлімшенің атауы | Құрамында есірткі құралдары бар дәрілік заттардың атауы | | | | | | | |
|-------|---|---|-----------------------------------|------------------------------------|----------------------|-----------------------|---------------------------|---------------------------|-------------------------|
| | | Морфин гидрохлориді 1% (амп) | Морфин сульфаты 5 мг, таблеткалар | Морфин сульфаты 10 мг, таблеткалар | Оmnopон 1%-1,0 (амп) | Оmnopон -2%-1,0 (амп) | Тримеперидин 1%-1,0 (амп) | Тримеперидин 2%-1,0 (амп) | Морф тектес жиынт (амп) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Терапевтік | 3,0 | 6,9 | 3,4 | 0,5 | 2,0 | 0,5 | 5,0 | 11,0 |
| 2 | Гастроэнтерологиялық | 3,0 | 6,9 | 3,4 | - | 0,5 | 0,5 | 5,51 | 9,5 |
| 3 | Кардиологиялық | 1,0 | 2,3 | 1,1 | 0,5 | 1,5 | 0,5 | 5,5 | 9,0 |
| 4 | Интервенциялық кардиология | 1,0 | 2,3 | 1,1 | 0,5 | 1,5 | 0,5 | 5,5 | 9,0 |
| 5 | Кардиохирургиялық | 660,0 | 1 518,0 | 752,4 | - | 88,5 | - | 558,0 | |
| 6 | Пульмонологиялық | 1,0 | 2,3 | 1,1 | 1,0 | 2,0 | 1,0 | 6,0 | 11,0 |
| 7 | Аллергологиялық | - | - | - | - | | - | 1,0 | 1,0 |
| 8 | Эндокринологиялық | - | - | - | - | 0,6 | - | 1,0 | 1,6 |
| 9 | Нефрологиялық | 3,0 | 6,9 | 3,4 | - | 0,5 | 0,5 | 5,5 | 9,5 |
| 10 | Гематологиялық | 2,5 | 5,7 | 2,8 | 2,0 | 12,0 | 4,0 | 36,0 | 56,5 |
| 11 | Кәсіптік патологиялық | 1,0 | 2,3 | 3,4 | 1,0 | 2,0 | 0,5 | 6,0 | 10,0 |
| 12 | Хирургиялық | 6,0 | 13,8 | 6,8 | 1,5 | 8,5 | 7,0 | 58,0 | 81,0 |
| 13 | Ангиохирургиялық | 6,0 | 13,8 | 6,8 | 1,5 | 8,5 | 7,0 | 58,0 | 81,0 |
| 14 | Іріңді хирургия | 6,0 | 13,8 | 6,8 | 1,5 | 8,5 | 7,0 | 58,0 | 81,0 |
| 15 | Травматологиялық | 3,0 | 6,9 | 3,4 | 1,0 | 5,0 | 3,0 | 21,0 | 33,0 |
| 16 | Ортопедиялық | - | - | - | - | 0,2 | 1,0 | 4,0 | 5,2 |
| 17 | Урологиялық | 5,0 | 11,5 | 5,7 | 0,5 | 5,0 | 4,0 | 31,0 | 45,0 |
| 18 | Торакальды хирургия | 2,0 | 4,6 | 2,3 | - | 5,0 | 20,0 | 150,5 | 177,0 |
| 19 | Күйік шалу | 9,5 | 21,8 | 10,8 | 3,0 | 13,0 | 15,0 | 115,0 | 155,5 |
| 20 | Реанимациялық | 9,0 | | | 1,0 | 10,0 | 20,0 | 145,0 | 185,0 |
| 21 | Инфекциялық | 2,0 | 4,6 | 2,3 | 3,0 | 2,0 | 31,0 | 5,0 | 43,0 |
| 22 | Жүкті және босанатын әйелдер үшін | 4,0 | 9,2 | 4,5 | 0,5 | 1,0 | 6,0 | 4,0 | 15,5 |
| 23 | Жүкті әйелдер патологиясы | - | - | - | - | - | - | 0,5 | 0,5 |
| 24 | Гинекологиялық | 3,0 | 6,9 | 3,4 | 2,5 | 9,0 | 2,5 | 14,0 | 31,0 |
| 25 | Неврологиялық | 0,5 | 1,1 | 0,5 | - | 0,5 | 2,0 | 1,0 | 4,0 |
| 26 | Психиатриялық | 0,2 | 0,4 | 0,2 | - | - | - | 0,2 | 0,4 |
| 27 | Офтальмологиялық | 0,3 | 0,7 | 0,3 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 4,0 | 5,8 |
| 28 | Отоларингологиялық | 2,0 | 4,6 | 2,3 | - | 6,0 | 0,5 | 3,5 | 12,0 |
| 29 | Дерматовенерологиялық | - | - | | - | - | - | 0,1 | 0,1 |
| 30 | Туберкулездік | 2,0 | 4,6 | 2,3 | - | 1,5 | 1,0 | 2,0 | 6,5 |
| 31 | Наркологиялық | - | - | | - | - | - | - | - |
| 32 | Педиатриялық | 0,2 | 0,4 | 0,2 | 0,1 | - | 0,3 | - | 0,3 |

| | | | | | | | | | |
|----|---|-------|-------|-------|-----|------|-------|-------|-------|
| 33 | Онкологиялық | 2,5 | 5,7 | 2,8 | - | 15,5 | 2,0 | 60,0 | 80,0 |
| 34 | Радиорентгенологиялық | 0,5 | 1,1 | 0,6 | 2,5 | 12,0 | 3,0 | 7,0 | 26,0 |
| 35 | Қабылдау бөлмесі | - | - | - | - | 0,1 | - | 0,25 | 0,38 |
| 36 | Амбулаториялық қабылдауды қоса алғанда ауылдық учаскелік аурухана | 10,0 | 23,0 | 11,4 | 1,0 | 6,0 | 2,0 | 7,0 | 26,0 |
| 37 | Емхана және амбулатория | 2,0 | 4,6 | 2,3 | 0,7 | 0,3 | 1,0 | 2,0 | 6,0 |
| 38 | Стоматологиялық емхана | - | - | - | 0,2 | 0,3 | 0,3 | 0,5 | 0,85 |
| 39 | Онкологиялық диспансер | 140 | 322,0 | 159,6 | - | - | 55,0 | 80,0 | 275,0 |
| 40 | Туберкулез диспансеры | - | - | - | - | 1,0 | 0,5 | 1,0 | 3,0 |
| 41 | 1000 жедел медициналық жәрдем көрсету жағдайына | 14,0 | 32,2 | 16,0 | - | 7,0 | - | 39,0 | 60,0 |
| 42 | паллиативтік көмек бөлімшесі(хоспис) | 235,0 | 540,0 | 268,0 | - | - | 306,0 | 153,0 | |

| р/с № | Денсаулық сақтау ұйымының немесе бөлімшенің атауы | Құрамында есірткі құралы бар дәрілік заттардың атауы | | | | | | | | |
|-------|---|--|---------------------------------|-------------------------------|-------------------------------|-------------------------------|--------------------------------|--|--|---------------------|
| | | Фентанил (0,0 05%-2мл* (амп)) | Фентанил (пластырь) 12.5мкг/сағ | Фентанил (пластырь) 25мкг/сағ | Фентанил (пластырь) 50мкг/сағ | Фентанил (пластырь) 75мкг/сағ | Фентанил (пластырь) 100мкг/сағ | Оксикодон және налоксон 40 мг/20 мг, таблеткалар | Оксикодон және налоксон 20 мг/10 мг, таблеткалар | Окси нало 10 м табл |
| 1 | 2 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 1 | Терапевтік | 0,4 | | | | | | | | 490 |
| 2 | Гастроэнтерологиялық | 1,0 | | | | | | | | |
| 3 | Кардиологиялық | 1,5 | | | | | | | | |
| 4 | Интервенциялық кардиология | 1,5 | | | | | | | | |
| 5 | Кардиохирургиялық | 2200,0 | | | | | | | | 245 |
| 6 | Пульмонологиялық | 0,5 | | | | | | | | |
| 7 | Аллергологиялық | - | - | | | | | | | |
| 8 | Эндокринологиялық | 3,0 | | | | | | | | |
| 9 | Нефрологиялық | 1,0 | | | | | | | | 245 |
| 10 | Гематологиялық | 5,0 | | | | | | 18 | 105 | 35 |
| 11 | Кәсіптік патологиялық | - | - | | | | | | | |
| 12 | Хирургиялық | 6,0 | | | | | | 26 | 263 | 315 |
| 13 | Ангиохирургиялық | 6,0 | | | | | | | | |
| 14 | Ірінді хирургия | 6,0 | | | | | | | | |
| 15 | Травматологиялық | 2,0 | | | | | | | 88 | 158 |
| 16 | Ортопедиялық | - | - | | | | | | 88 | 158 |
| 17 | Урологиялық | 7,0 | | | | | | | 88 | 158 |

| | | | | | | | | | | |
|----|---|------|-------|-------|-------|-------|-------|----|-----|-----|
| 18 | Торакальды хирургия | 5,0 | | | | | | | | |
| 19 | Күйік шалу | 11,0 | | | | | | | | |
| 20 | Реанимациялық | - | | | | | | | | |
| 21 | Инфекциялық | 0,2 | | | | | | | | |
| 22 | Жүкті және босанатын әйелдер үшін | 1,0 | | | | | | | | |
| 23 | Жүкті әйелдер патологиясы | - | | | | | | | | |
| 24 | Гинекологиялық | 4,0 | | | | | | | | |
| 25 | Неврологиялық | 0,6 | | | | | | 88 | | 158 |
| 26 | Психиатриялық | - | | | | | | | | |
| 27 | Офтальмологиялық | 1,0 | | | | | | | | |
| 28 | Отоларингологиялық | 0,6 | | | | | | | | |
| 29 | Дерматовенерологиялық | - | | | | | | | | |
| 30 | Туберкулездік | - | | | | | | | | |
| 31 | Наркологиялық | | | | | | | | | |
| 32 | Педиатриялық | - | | | | | | | | |
| 33 | Онкологиялық | 10,0 | 0,165 | 0,33 | 0,66 | 0,99 | 1,32 | 26 | 79 | 70 |
| 34 | Радиорентгенологиялық | 1,0 | | | | | | 26 | 79 | 70 |
| 35 | Қабылдау бөлмесі | - | | | | | | | | |
| 36 | Амбулаториялық қабылдауды қоса алғанда ауылдық учаскелік аурухана | 20,0 | | | | | | | | |
| 37 | Емхана және амбулатория | - | | | | | | | | |
| 38 | Стоматологиялық емхана | 1,0 | | | | | | | | |
| 39 | Онкологиялық диспансер | - | 0,165 | 0,33 | 0,66 | 0,99 | 1,32 | | | |
| 40 | Туберкулез диспансері | - | | | | | | | | |
| 41 | 1000 жедел медициналық жәрдем көрсету жағдайына | 2,5 | | | | | | | | |
| 42 | паллиативтік көмек бөлімшесі (хоспис) | | 120,0 | 120,0 | 120,0 | 120,0 | 120,0 | 94 | 150 | 75 |

* 2 мл ампулалардағы Фентанилге 0,005% есептік норматив жалпы ауырсынуды басу арқылы операция жасалатын бір науқасқа ең көбі 18 ампула құрайды

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы қыркүйек
№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық

заттар мен олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
2-қосымша

20 _____ жылға арналған Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын тұтыну нормативін бекіту үшін денсаулық сақтау ұйымының өтінімі

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

| р/с № | Есірткі құралдарының атауы | Құрамында есірткі құралы бар дәрілік заттар (ХПА немесе құрамы) | Дәрілік нысаны | Мөлшерлемесі | Дәрілік нысанның бір бірлігіндегі құрғақ заттың мөлшері, грамм | Дәрілік нысанның бір бірлігіндегі есірткі құралының таза сусыз құрамы, % | Дәрілік нысанның бір бірлігіндегі есірткі құралының таза сусыз құрамы, грамм | кажеттілік | |
|--------------------|----------------------------|---|--------------------------------------|---------------|--|--|--|-------------------------|----------|
| | | | | | | | | Стационарлық көмек үшін | Амб көме |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Морфин | Морфин гидрохлориді | егуге арналған ерітінді | 1 % - 1 мл | 0,01 | 89 | 0,008000 | | |
| | | Морфин сульфаты | таблеткалар | 5 мг | 0,005 | 75 | 0,003000 | | |
| | | Морфин сульфаты | таблеткалар | 10 мг | 0,01 | 75 | 0,007000 | | |
| Жиыны Морфин | | | | | | | | | |
| 2 | Тримеперидин | Тримеперидин | егуге арналған ерітінді | 1 % - 1 мл | 0,01 | 88 | 0,008000 | | |
| | | Тримеперидин | егуге арналған ерітінді | 2 % - 1 мл | 0,02 | 88 | 0,017000 | | |
| Жиыны Тримеперидин | | | | | | | | | |
| 3 | Фентанил | Фентанил | егуге арналған ерітінді | 0,005% - 2 мл | 0,0001 | 64 | 0,000064 | | |
| | | Фентанил | Трансдермальді терапиялық жүйе (ТТЖ) | 12,5 мкг/сағ | 0,0021 | 64 | 0,001344 | | |
| | | Фентанил | Трансдермальді терапиялық жүйе (ТТЖ) | 25 мкг/сағ | 0,0042 | 64 | 0,002688 | | |
| | | Фентанил | Трансдермальді терапиялық жүйе (ТТЖ) | 50 мкг/сағ | 0,0084 | 64 | 0,005376 | | |

| | | | | | | | | |
|-----------------|-----------|--------------------------------------|--|-------------|-------|----------|----------|--|
| | Фентанил | Трансдермальді терапиялық жүйе (ТТЖ) | 75 мкг/сағ | 0,0126 | 64 | 0,008064 | | |
| | Фентанил | Трансдермальді терапиялық жүйе (ТТЖ) | 100 мкг/сағ | 0,0168 | 64 | 0,010752 | | |
| Жиыны Фентанил | | | | | | | | |
| 4 | Оксикодон | Оксикодон+ Налоксон | үлбірлі қабықпен қапталған, босатылуы ұзартылған таблеткалар | 5 мг/2,5 мг | 0,005 | 90 | 0,004500 | |
| | | Оксикодон+ Налоксон | үлбірлі қабықпен қапталған, босатылуы ұзартылған таблеткалар | 40 мг/20 мг | 0,04 | 90 | 0,036000 | |
| | | Оксикодон+ Налоксон | үлбірлі қабықпен қапталған, босатылуы ұзартылған таблеткалар | 20 мг/10 мг | 0,02 | 90 | 0,018000 | |
| | | Оксикодон+ Налоксон | үлбірлі қабықпен қапталған, босатылуы ұзартылған таблеткалар | 10 мг/5 мг | 0,01 | 90 | 0,009000 | |
| Жиыны Оксикодон | | | | | | | | |

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы _____ Т.А.Ә. (бар болса)

(қолы

М.О

Ескерту:

1. Стационарлық, стационарды алмастыратын көмек көрсету үшін есірткі құралдарына қажеттілікті есептеу (9-баған) денсаулық сақтау ұйымындағы тиісті бейіндегі төсек санына көбейтілген бір жылдағы бір төсек үшін құрамында есірткі құралдары бар дәрілік заттарға деген барлық қажеттіліктің есептік нормативтерін қосу арқылы жүргізіледі;

2. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек пен консультативтік-диагностикалық көмек көрсету үшін есірткі құралдарына қажеттілікті есептеу (10-баған) өткен жылы қатерлі ісіктердің, туберкулездің және АИТВ-инфекциясының жайылған нысандарымен, жүрек, өкпе, бауыр жетіспеушілігінің декомпенсация сатысындағы, бауыр циррозы кезіндегі созылмалы

өрістемелі аурулармен есепте тұрған науқастар санын бір жансыздандыру курсы үшін бір науқасқа қажетті (бірлік) дәрілік нысандар (таблеткалар, капсулалар, ампулалар, трансдермальді терапиялық жүйелер) бірліктерінің санына және дәрілік нысанның бір бірлігіндегі есірткі құралының таза сусыз мөлшеріне (8-баған) көбейту жолымен жүргізіледі.

3. Жедел медициналық көмек көрсету үшін, ұтқыр бригадалармен үйде паллиативтік көмек көрсету кезінде, санитариялық авиация үшін және төтенше жағдайлар кезіндегі есірткі құралдарына қажеттілікті есептеу (11-баған) өткен жылғы шақыртулар санын бір науқасқа бір жансыздандыру емшарасы үшін қажетті (бірліктердің) дәрілік нысандар (таблеткалар, капсулалар, ампулалар, трансдермальді терапиялық жүйелер) бірліктерінің санына және бір дәрілік нысан бірлігіндегі есірткі құралының таза сусыз құрамына (8-баған) көбейту арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек
№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық заттар мен
олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
2-1-қосымша

20 _____ жылға арналған Қазақстан Республикасында бақылауға жататын психотроптық заттарды тұтыну нормативін бекіту үшін денсаулық сақтау ұйымының өтінімі

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

| р/с № | Психотроптық заттардың атауы | Дәрілік заттың атауы (ХПА немесе құрамы) | Дәрілік нысаны | Мөлшерлемесі | Өлшем бірлігі | Бір бірліктегі психотроптық заттың мөлшері, грамм | Мәлімделетін бірлік саны | Мәлімделетін грамм мөлшері |
|-------|------------------------------|--|----------------|--------------|---------------|---|--------------------------|----------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Амфетамин | | | | | | | |
| 2 | Бупренорфин (Норфин) | (| | | | | | |
| 3 | Глютетимид (Ноксирон) | (| | | | | | |

| | | | | | | | | |
|----|----------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|
| 4 | Дексамфетамин | | | | | | | |
| 5 | Левамфетамин | | | | | | | |
| 6 | Левометамфетамин | | | | | | | |
| 7 | Метилфенидат | | | | | | | |
| 8 | Пемолин | | | | | | | |
| 9 | Пентобарбитал | | | | | | | |
| 10 | Секобарбитал | | | | | | | |
| 11 | 2С-В | | | | | | | |
| 12 | Фенетиллин | | | | | | | |
| 13 | Фенметразин | | | | | | | |
| 14 | Ципепрол | | | | | | | |
| 15 | Этиламфетамин | | | | | | | |
| 16 | Гамма-оксима й қышқылы (ГОМК) | | | | | | | |
| 17 | Аллобарбитал | | | | | | | |
| 18 | Альпразолам | | | | | | | |
| 19 | Амобарбитал | | | | | | | |
| 20 | Амфепрамон | | | | | | | |
| 21 | Барбитал | | | | | | | |
| 22 | Бензфетамин | | | | | | | |
| 23 | Бромазепам | | | | | | | |
| 24 | Бротизолам | | | | | | | |
| 25 | Буталбитал | | | | | | | |
| 26 | Бутобарбитал | | | | | | | |
| 27 | Винилбитал | | | | | | | |
| 28 | Галазепам | | | | | | | |
| 29 | Галоксазолам | | | | | | | |
| 30 | Делоразепам | | | | | | | |
| 31 | Диазепам | | | | | | | |
| 32 | Золпидем | | | | | | | |
| 33 | Камазепам | | | | | | | |
| 34 | Катин | | | | | | | |
| 35 | Кетазолам | | | | | | | |
| 36 | Клобазам | | | | | | | |
| 37 | Клоксазолам | | | | | | | |
| 38 | Клоназепам | | | | | | | |
| 39 | Клоразепат | | | | | | | |
| 40 | Клотиазепам | | | | | | | |
| 41 | Лефетамин | | | | | | | |
| 42 | Лопразолам | | | | | | | |
| 43 | Лоразепам | | | | | | | |
| 44 | Лорметазепам | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|----|-------------------|--|--|--|--|--|--|--|
| 45 | Мазиндол | | | | | | | |
| 46 | Медазепам | | | | | | | |
| 47 | Мезокарб | | | | | | | |
| 48 | Мепробамат | | | | | | | |
| 49 | Метиприлон | | | | | | | |
| 50 | Метилфенобарбитал | | | | | | | |
| 51 | Мефенорекс | | | | | | | |
| 52 | Мидазолам | | | | | | | |
| 53 | Ниметазепам | | | | | | | |
| 54 | Нитразепам | | | | | | | |
| 55 | Нордазепам | | | | | | | |
| 56 | Оксазепам | | | | | | | |
| 57 | Оксазолам | | | | | | | |
| 58 | Пентазоцин | | | | | | | |
| 59 | Пиназепам | | | | | | | |
| 60 | Пипрадрол | | | | | | | |
| 61 | Пировалерон | | | | | | | |
| 62 | Празепам | | | | | | | |
| 63 | Секбутабарбитал | | | | | | | |
| 64 | Темазепам | | | | | | | |
| 65 | Тетразепам | | | | | | | |
| 66 | Триазолам | | | | | | | |
| 67 | Фендиметразин | | | | | | | |
| 68 | Фенкамфамин | | | | | | | |
| 69 | Фенобарбитал | | | | | | | |
| 70 | Фенпропорекс | | | | | | | |
| 71 | Фентермин | | | | | | | |
| 72 | Флудиазепам | | | | | | | |
| 73 | Флуразепам | | | | | | | |
| 74 | Флунитразепам | | | | | | | |
| 75 | Хлордiazепоксид | | | | | | | |
| 76 | Циклобарбитал | | | | | | | |
| 77 | Эстазолам | | | | | | | |
| 78 | Этинамат | | | | | | | |
| 79 | Этил лофлазепат | | | | | | | |
| 80 | Этхлорвинол | | | | | | | |

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы _____ Т.А.Ә (бар болса)

(қолы)

М.О

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек

№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық
заттар мен олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
2-2-қосымша

20 _____ жылға арналған Қазақстан Республикасында бақылауға жататын прекурсорларды тұтыну нормативін бекіту үшін денсаулық сақтау ұйымының өтінімі

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

| р/ с № | Прекурсорлардың атауы | Өлшем бірлігі | Бір бірліктегі прекурсор мөлшері, грамм | Мәлімделетін бірлік саны | Мәлімделетін грамм мөлшері |
|--------------|--|------------------|--|-----------------------------|-------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | N-ацетилантранил қышқылы | | | | |
| 2 | Сірке қышқылының ангидридi | | | | |
| 3 | Изосафрол | | | | |
| 4 | Антранил қышқылы | | | | |
| 5 | Лизергин қышқылы | | | | |
| 6 | Ацетон | | | | |
| 7 | 3 , 4 - метилендиоксифенил-пропанон | | | | |
| 8 | Метилэтилкетон | | | | |
| 9 | Норэфедрин | | | | |
| 10 | Калий перманганаты | | | | |
| 11 | Пиперональ | | | | |
| 12 | Псевдоэфедрин | | | | |
| 13 | Пиперидин | | | | |
| 14 | Күкірт қышқылы | | | | |
| 15 | Тұз қышқылы | | | | |
| 16 | Сафрол | | | | |
| 17 | 1-фенил-2-пропанон | | | | |
| 18 | Толуол | | | | |
| 19 | Фенилсірке қышқылы | | | | |
| 20 | Эргометрин | | | | |
| 21 | Эрготамин | | | | |
| 22 | Эфедрин | | | | |

| | | | | |
|----|------------|--|--|--|
| 23 | Этил эфирі | | | |
| 24 | Қылша шөбі | | | |

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы _____ Т.А.Ә (бар болса)
(қолы)
М.О

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек
№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық
заттар мен олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
3-қосымша
"Бекітемін":

(облыстың/қаланың атауы)
Денсаулық сақтау
басқармасының басшысы
_____ Т.А.Ә.
(бар болса)
(қолы)
20__ ж. "___" _____
М.О.

20_____ жылға арналған Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын тұтыну нормативі

(Денсаулық сақтау ұйымының атауы)

| | | |
|-------|---------------------------|-------------------------------------|
| р/с № | Есірткі құралының атауы | Таза сусыз құрамының мөлшері, грамм |
| | | |
| р/с № | Психотроптық заттың атауы | Мөлшері, грамм |
| | | |
| р/с № | Прекурсорлардың атауы | Мөлшері, грамм |
| | | |

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы _____ Т.А.Ә. (бар болса)
(қолы)
М.О

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек

№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
6-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық заттар мен
олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
4-қосымша

Жылына 1000 халыққа шаққандағы есірткі құралдарына қажеттілікті есептеу нормативтері (грамда)

| р/с № | Есірткі құралының атауы | 1000 адамға шаққандағы норматив |
|-------|-------------------------|---------------------------------|
| 1 | Морфин | 0,3 |
| 2 | Тримеперидин | 5,0 |
| 3 | Фентанил | 0,1 |
| 4 | Кодеин | 70,3 |
| 5 | Тебаин | 0,00005 |
| 6 | Оксикодон | 0,35 |

Ескерту.

- 1) таза сусыз морфиннің құрамы морфин гидрохлоридінде-89%; морфин сульфатында (5H₂O)-75%;
- 2) тримеперидин гидрохлоридіндегі таза сусыз тримеперидиннің құрамы-88%;
- 3) фентанил цитратындағы таза сусыз фентанилдің құрамы-64%;
- 4) таза сусыз кодеиннің құрамы кодеин гидрохлоридінде (2H₂O)-81%; кодеин фосфатында (1/2 H₂O)-74%); кодеин фосфатында (1 1/2 H₂O)-71%;
- 5) тебаин гидрохлоридіндегі таза сусыз тебаиннің құрамы-85%;
- 6) оксикодон гидрохлоридіндегі таза сусыз оксикодонның құрамы-90%.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек
№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
7-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық
заттар мен олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
8-қосымша

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды бір рецептiге жазу және босатудың рұқсат етілетін шекті нормалары

| р/с № | Халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы | Дәрілік нысан бірлігі | Мөлшерлемесі | Бір дәрілік нысан бірлігіндегі құрғақ зат мөлшері, грамм | Бір рецептiге жазу нормасы, бірліктен көп емес | Ескерту |
|-------|--|---|--------------|--|--|--------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 6 |
| 1 | Морфин гидрохлориді | ампуладағы егуге арналған ерітінді | 1 % - 1 мл | 0,01 | 30 | жиынтығында 0,3 грамнан аспауы тиіс |
| 2 | Морфин сульфаты | таблетка | 5 мг | 0,005 | 100 | жиынтығында 0,5 грамнан аспауы тиіс |
| | | таблетка | 10 мг | 0,01 | 50 | |
| 3 | Тримеперидин | ампуладағы егуге арналған ерітінді | 1 % - 1 мл | 0,01 | 20 | жиынтығында 0,2 грамнан аспауы тиіс |
| | | ампуладағы егуге арналған ерітінді | 2 % - 1 мл | 0,02 | 10 | |
| 4 | Фентанил | трансдермальді терапиялық жүйе, пластырь | 12,5 мкг/сағ | 0,0014-0,0021 | 40 | жиынтығында 0,055грамнан аспауы тиіс |
| | | трансдермальді терапиялық жүйе, пластырь | 25 мкг/сағ | 0,0028-0,0042 | 20 | |
| | | трансдермальді терапиялық жүйе, пластырь | 50 мкг/сағ | 0,0055-0,0084 | 10 | |
| | | трансдермальді терапиялық жүйе, пластырь | 75 мкг/сағ | 0,0083-0,0126 | 6 | |
| | | трансдермальді терапиялық жүйе, пластырь | 100 мкг/сағ | 0,0110-0,0168 | 5 | |
| 5 | Оксикодон | үлбірлі қабықпен қапталған, босатылуы ұзартылған таблетка | 5 мг/2,5 мг | 0,005 | 160 | жиынтығында 0,8 грамнан аспауы тиіс |
| | | үлбірлі қабықпен қапталған, босатылуы ұзартылған таблетка | 10 мг/5 мг | 0,01 | 80 | |
| | | үлбірлі қабықпен қапталған, | | | | |

| | | | | | | | | | |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|

| | | | | | |
|---------|--------------------|--------------------|--------------|-------------|-----------------------|
| Қайтару | | | | | |
| Күні | Орын ауыстыру орны | Рұқсат қағазының № | Сериясының № | Мөлшері (г) | Жауапты тұлғаның қолы |
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек
№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
9-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық
заттар мен олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
26-қосымша

Денсаулық сақтау ұйымдарында Тізімнің II, III, IV кестелеріндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды жою актісі

_____ қ. _____ ж.

Комиссия мынадай құрамда (кемінде 3 адамнан кем емес):

- 1) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), денсаулық сақтау ұйымы өкілдерінің лауазымы;
- 2) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ішкі істер органдары өкілінің лауазымы;
- 3) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің өкілінің лауазымы

20__ ж. " ____ " _____ ден 20__ ж. " ____ " _____ дейінгі кезеңге Тізімнің II, III,

IV кестелеріндегі құрамында құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары

бар қолдану жарамсызданған, жалған, жарамдылық мерзімі өткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа (ақауы бар, сынған),

сондай-ақ Тізімнің II кестесіндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттары бар

дәрілік заттарының пайдаланылған және (немесе) ішінара пайдаланылған ампулаларын

мына атаудағы:

(ампулаларда, ұнтақтарда, таблеткаларда, данада атауы және мөлшері) жоюды жүргізді.

Дәрілік заттар жаншу; өртеу арқылы жойылды (керектісін сызу).

Төраға: _____ (қолы)

Комиссия мүшелері: _____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 қыркүйек
№ ҚР ДСМ-12 бұйрығына
10-қосымша
Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткі
құралдарын, психотроптық
заттар мен олардың
прекурсорларын медициналық
мақсатта пайдалану
қағидаларына
27-қосымша

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерде Тізімнің II, III, IV Кестесіндегі құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар дәрілік заттарды, сондай-ақ дәрілік заттар өндірісінен және (немесе) дәрілік заттарға жатпайтын сынақтардан (талдаулардан) кейінгі шикізат, материалдар, материалдардың, сынамалардың қалғандары, жартылай өнімдері әрі қарай қайта өңдеуге келмейтін жартылай өнімдердің қадықтарын; сынықтардан (талдаулардан) қалған құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар сұйықтықты жою актісі

_____ қ.

Комиссия мынадай құрамда:

- 1) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы объектінің басшысының Т.А.Ә. (бар болса);
- 2) Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы жауапты адам басшысының Т.А.Ә. (бар болса);
- 3) Ішкі істер органдары өкілінің Т.А.Ә. (бар болса) лауазымы;
- 4) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы

мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің өкілінің Т.А.Ә. (бар болса)
лауазымы

20__ж. "____" _____ ден 20__ж. "____" _____ дейінгі кезеңге мынадай
атаулар бойынша:

(ампулаларда, ұнтақтарда, таблеткаларда, данада, граммда, миллилитрде)
құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары
бар

жарамсыз, жалған, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және Қазақстан Республикасы
заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа (ақауы бар, сынған) дәрілік
заттарды,

сондай-ақ дәрілік заттар өндірісінен және (немесе) дәрілік заттарға жатпайтын
сынақтардан

(талдаулардан) кейінгі шикізат, материалдар, материалдардың, сынамалардың
қалғандары,

жартылай өнімдері әрі қарай қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтарды (керектісін
сызу) жоюды
жүргізді.

жаншу; өртеу, 1:100 арақатынаста сумен араластыру, бейтараптандыру және пайда
болған суспензияны немесе ерітіндіні өндірістік кәрізге ағызу арқылы жойылды (
керектісін сызу).

Төраға: _____ (қолы)

Комиссия мүшелері: _____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)